

восхищаются военным искусством батыра, который, как волк, нападает на джунгаров с горсткой казахов. Тогда джунгарский руководитель говорит: «Против Сэрке никто не устоит, мы должны его уничтожить любой ценой», и прячет группу стрелков в густых камышах, ожидая его прихода. Сэрке выходит на свой последний бой, прорываясь через ряды джунгарской армии и направляясь прямо к джунгарским военачальникам на вершине холма Сары. Батыр успевает вонзить копьё в сердце Жоршына, стоящего на вершине, но скрытые в камышах джунгарские стрелки стреляют ему в спину, попадая в шейный позвонок. Это был семнадцатый день сражения. Позже этот холм у реки Бұланты называли «Сары Төбе» или «Желтый холм Сэрке», и на его вершине был установлен белый камень в память о битве.

Есенғұл, взявший поводья его коня, поднял боевой клич «Алаш». Кеген, Шымырбай, Алтын Сэлтеке батыр и Шекті Киікбай окружили Сэрке и увели его в безопасное место. В этот же день прибыл хан Абулхаир, но из соратников Сэрке в живых осталось лишь несколько человек. Сам Сэрке скончался от полученной раны. Его тело временно похоронили в «Шилі», а через год перезахоронили в мавзолее Қорқыт ата. Прибывший хан Абулхаир продолжил наступление и загнал джунгаров к реке Білеуті (позже названной «Қалмақ қырылған»), где уничтожил их. Эта победа подняла дух казахского народа и укрепила веру в возможность победы над калмаками. Битва вошла в историю как «Қалмаққырылған» и длилась тридцать шесть дней, завершившись полной победой казахов [3].

Достоверность этих сказанных событий и фактов содержится в строках из шежере Шонбай Жұбанұлы:

Өтеуден туған екен Өмірқұл бай,
Асулы ет қазанында, қайнаулы шай.
Қареке, Қалман менен Құлшық туып,
Сэркені үшеуінен көріпті жай.
Былайғы үш баласы момын болып,
Әркімдер бір билепті олжасындай.
Осыны Өмірқұл бай азар көріп,
Сопыны мазалаған барып қоймай.
Келеден - бура, жылқыдан - айғыр алып,
Тірілей дізіп барған бірін соймай,
Тілегің осы болса депті Пірі,
Қыз бердім қол бастайтын Қарқарадай.
Ұл бердім ел бастайтын Сэрке деген,
Кідірмей қайт депті енді мазамды алмай.
Сол Сэрке батыр болды жұртқа мәлім,
Талайдың кетірген ол суға салын.

Қалмақпен, Қоқан менен Қарақалпақ,
Күйзелтіп олжа етіп алған малын.
Қалмақпен қарсыласып неше жылдай,
Айдатып алған екен жан мен барын.
Өз-сопы Мүсірәлі бергеннен соң,
Дұшпанға тарттырыпты қайғы-зарын[4].

Его смерть стала значительным событием для казахского народа. Сэрке Батыр оставил после себя значительное наследие. Место его гибели стало известно как «Сэркенің төбесі» или «Сэркенің ақшиі», и до сих пор считается священным. Люди приходят туда, чтобы почтить его память и попросить благословения. В Сырдарьинском регионе в его честь названа улица.

Его подвиги и храбрость продолжают вдохновлять казахский народ. Сэрке Батыр является ярким примером мужества и преданности своему народу, и его имя навсегда останется в истории Казахстана.

Я горжусь тем, что я являюсь потомком Сарке батыра. Мой ру - Өмірқұл Табын, т.е. Өмірқұл – Сэрке – Ағайдар – Байқадам – Сейіл – Әлібек – Иззатин – Абдығани (мой дедушка) – Жансейит (мой папа).

Список использованной литературы:

1. Козыбаев М. К. Очерк. История Казахстана с древнейших времен до наших дней – Алматы: Дәуір, 2006г. - 416 с.
2. Түйімбетов М. «Өмірқұл бай». – Вестник Жалағаша. - Кызылорда, 2015г. <https://new.zhalagash-zharshysy.kz/zanalyk/ruhaniyt/7323-tabyn-mrl-bay.html>
3. Казбеков Н. «Сэрке батыр» – Сырдарьинский край. - Кызылорда, 2020г. <https://syrboyi.kz/tagilim/saerke-batyr-41410/>
4. Жумадилда А. «Сэрке батыр» – Вестник Жалағаша. - Кызылорда, 2023г. <https://zhalagash-zharshysy.kz/qogam/saerke-batyr/>

ҰЛАҒАТТЫ КҮЙШІ ҚАРШЫҒА АХМЕДИЯРОВ

Күй қазақ халқының өмір салтында, тіршілік-тынысында елеулі орын алған. Оның мысалы сан алуан. Мәселен, қазақ күйлерін туу себептеріне қарай «арнау күйлері», «сый күйлері», «тілек күйлері», «хабаршы күйлер», «естірту күйлері», «бәсеке күйлері», «емеурін күйлері», «құлақ күйлері», «еліктеу күйлері» деп, саралап танытын дәстүр бар. Аты айтып тұрғандай, дәулескер күйші өзінің жүректен шыққан күйлерін өмір құбылыстарына, жеке адамның қылық-қасиетіне арнайды, сыйға тартады, тілек етеді, күймен хабар береді, естіртеді, емеурін етеді, сондай-ақ өлімге басу айтқандай жұбатады немесе бірге қайғырып жоқтайды. Мұның бәрі де күй аңыздарына айналып, күйдің өзімен бірге ел ішіне тарап жатады. Дүниеге келген нәрестені домбырамен ауыздандырып, құлағын күймен ашса, дүниеден адам көшіп, көз жұмғанда ет жақындарына ауыр қазаны күймен естіртетін, күймен жоқтайтын немесе күймен басу айтатын дәстүр болған. Ықылас Дүкенұлының «Ерден», «Айрауық», Тоқа Шоқманұлының «Төрт толғау» сияқты күйлері өлімді естірту, жоқтау үстінде дүниеге келген азалы сарындар. Әйгілі ғалым Шоқан Уәлихановтың өлімін әкесі Шыңғысқа қобызшы Қанқожа мен сыбызғышы Тулақ сөзбен емес, күймен естірткен [1,85-87б.].

Соңғы жылдары күй өнерін саз-сарындары бойынша айырып тану үшін «төкпе күй» және «шертпе күй» деген атаулар жиі-жиі ауызға алынып, мұның өзі күйшілік мектептердің анықтауышы сияқты қолданылып жүр. Біздіңше, «төкпе», «шертпе» сөздері жеке күйлердің табиғатына қатысты анықтауыш бола алмайды. Себебі, тұтас бір өңір-аймақта қалыптасқан күйшілік мектептер былай тұрсын, бір ғана күйші-композитордың туындыларында шертіп тартылатын күй де, дауылдата төгіп тартатын да күй кездеседі. Мәселен, бір ғана Тәттімбеттің «Саржайлау», «Былқылдақ», «Сылқылдақ» күйлері шертіп тартылса, «Бес төре» күйі жігерлі серпінмен тартылады. Оны былай қойғанда, жалқы тұрған бір ғана күйдің ән бойында бірде шертіп қағуды, бірде серпе төгіп қағуды, енді бірде іліп қағуды қажет ететін сәттер бар. Мәселен, Әшімтайдың «Қоңырқаз», Дайрабайдың «Дайрабай» сияқты күйлері сол бір ғана күйдің ән бойында біресе шертіліп, біресе дауылдата төгіліп тартылады.

«Шертпе күй» және «төкпе күй» атауларының сәтсіздігіне айғақ келесі бір жағдай, бұл екі сөздің мағыналық мәндердің жасалу принципіндегі керіараулыққа байланысты. Мәселен, «шертпе» сөзі домбырашының қол алысын, қимыл-қозғалысын білдірсе, «төкпе» сөзі күйдің әуендік-дыбыстық қасиетін аңғартады. Бұл тұрғыдан келгенде «шертпе» деп отырған күйдің де сезімге әсер етуі жөнінен ағыл-тегіл төгіліп («төкпе») тартылуы мүмкін.

Бүгінгі қазақ зерттеушілері ХІХ ғасырды қазақ өнерінің «алтын ғасыры» деп санайды.

Осы «алтын ғасыр» діңгегін қалаған күйші композиторлардың мектептерін зерттеу үлкен заңдылық дей, Қазақстан күйшілік өнерін қалаған сипатқа күйшілердің шығармашылығын білу.

Ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалған күй туралы профессор Құдайберген Жұбановтың «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жөнінен» деп аталатын әйгілі мақаласынан үзінді келтірсек:

«...Қазақ музыка шығармаларының ішіндегі ең ірі жанрының бірі – күйлер. Композиция жағынан, музыка мәдениетінің басқа өлшеулері жағынан қарағанда да, күйлер халық музыкасының жетіскен ірі тарауы екендігінде дау болмауы керек...».

«...Қазақта ән мен күйдің екі басқа болушылығының өзі халық музыкасының жақсы ғана жетіскен сатыда тұрғандығын көрсетеді. Өйткені, бұлар әуелден бір болып, бара-бара музыка мәдениеті жетісе келе, бірінен-бірі айрылып, вокал музыка, инструментал музыка болып, егізделіп шыққан.

Күйлер – халық музыкасында сирек ұшырайтын нәрсе. Бұл осы күнгі Еуропаның симфониясы тәрізді», - деп жазды [2, 22б.].

Академик Ахмет Жұбанов: «Ең далада күн кешкен елдің аузынан шыққан «күй» деген сөздің аспаптық музыкаға тән атау екені, оның түп-тамыры одан да арғы замандарда жатқаны он төртінші ғасырдан бері белгілі. Олардағы музыкалық тілдің тереңдігі, асқан шеберлікті керек ететін ойлау әдіс-амалының молдығы, аңыз хикаяларды суреттеуге программалық жүйесі Қазақстан аспаптық музыка мәдениеті аса жоғары дәрежеде ертеден-ақ дамығанына бірден-ақ айғақ. Халқымыздың музыкалық қазынасында сары алтындай сандалкер күйлер жүздеп саналады. Санын сөз етсеңіз де, екі шектен естілген күй – мақтануға тұрарлық қымбат дүниеміз» [3, 19б.].

Күйшілік дәстүр қазақ даласында кеңінен орын алып, өзіндік ерекшелігімен, орындалу мәнеріне, құрылыс-тәсілдеріне қарай неше түрлі қырларымен жалғасып келеді. Күйлердің өмірге жақындауы әлеуметтік мұқтаж зәруліктен туатындығын және өзгеше тарихи сипатын күйшілердің қозғаған тақырыбы мен қойған аттарынан да аңғаруға болады.

Өйтсе де, кең даланы мекен еткен қазақ жұртының ең аяулы да қасиетті музыкалық аспабы – домбыраның бірде күмбірлеген, бірде тың-тың шертілген ойлы дыбысы құлаққа жағымды, жүрекке жақын, оның күмістей сыңғырлаған үні талай сырдың басын қайтарады. Сымдай тартылған қос ішекте сан ғасырдың сан алуан сипаты, ақыл-ойы, көңіл-күйі жатыр.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Жалпы музыка атаулы нәрсе елдің сезім байлығы мен ішкі жаратылыс қалпын білдіретін болса, солардың ең толғаулы, ең терең сырласы - күй» деп, күйдің бейнесін сипаттап берді.

Күй - ой мен сезім бірлігі арқылы әлемнің тұтастай көрінісін жасайтын адам әрекетінің бір түрі. Халық өз салты мен дәстүрін, ғұмырлық тарихын ең алдымен өнерге сіңірген, сол арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген. Осы ғасырлар бойы жиған - терген асыл рухани қазыналарды, жас ұрпақтың бойына сіңіріп, дүниетанымын қалыптастыруды өнер арқылы тәрбиелеу өзекті мәселелердің бірі. Өнер сүйген қауым адам баласына тән ізгі қасиетті, шынайы достық пен махаббатты, әсем мінез - құлықты қастерлейді. Қазақтың әні мен күйін естіп өскен адамды биік мұраттарға жетелейді. Сол ән мен күйді шығарушы адамзаттың бойындағы құнды туындылар болашақ ұрпаққа қажетті құрал. Сол күйші тұлғалардың бірі Қаршыға Ахмедиярұлы.

Ахмедиярұлы Қаршыға - қазақ халқының өте құнды, сан-салалы, күмбірлі, байлығы іспеттес қасиетті күй жанрының дарынды, ерен дарасы. Қаршыға Ахмедиярұлы - Махамбет, Исатай, Құрманғазы, Шернияз, Дина дүлдүл тудырған қасиетті мекен, киелі орда Батыс өңірінің тумасы. «Тартпай қоймас негізге» деп дана халқымыз осындай киелі мекеннен өсіп өнген тұлға бейнесі ерекше болуы да заңдылық. Олай деуге себеп әкесінің төл өнеріміз құсбегілік кәсібін жанына серік етіп, балаларының есімін де аталған кәсіппен ырымдағаны бекер емес.

Қаршыға Ахмедиярұлы - асқан өнер иесі. Олай деуге себеп ғасыр жасап келе жатқан күй өнерін жалғастырушы, дәріптеуші, түрлендіруші. Оның қалдырған асыл мұрасы келер ұрпаққа үлкен қайталанбас мектеп. Өнерді айшықтау тәсілінде «құмайқұлақ» (ауызша тарау, қолдан қолға өту) мектебінің орыны ерекше. Осы мектепті жалғастырушы көпір деп айтуға тұрарлық тұлға.

Қаршыға Ахмедияров тек орындаушы ғана емес, композиторлық қолтаңбасы бар өзіндік феномені бар табиғи талант иесі.

Қаршыға Ахмедияровтың өмірінен және жасаған еңбектерінен қазіргі таңдағы орындаушыларға жеткізу өзектілік болып табылады.

Ол 1946 жылы Атырау облысында дүниеге келген. Күйге құмар бозбала Алматы мемлекеттік консерваториясында Қали Жантілеуов, Құбыш Мұхитов, Уәли Бекенов сияқты майталмандардан дәріс алды. 1967-1991 жылдар аралығында Құрманғазы атындағы Қазақ академиялық халық аспаптар оркестрінде домбырашы, концертмейстер, дирижер қызметтерін атқарды.

1974 жылдан Алматы мемлекеттік консерваториясында шәкірт тәрбиелеумен қатар зерттеу жұмыстарымен айналысқан.

Қаршыға Ахмедияров «Нарын», «Қуаныш», «Сағыныш», «Нұрғиса», «Қыз ғұмыр», «Ақ қайың», «Алтын ұя» секілді көптеген күйлердің авторы [4,572 б.].

1986-1988 ж. Мәскеу қаласында Жоғарғы дирижерлік курста оқыған. Ахмедиярұлының репертуарында отандық, шетел композиторларының шығармалары бар. Күйшінің жеке шығарған күйлеріне тоқталсақ, әр күйдің шығу тарихы мен мазмұны әсем перне тілдерімен жеткізілген. Мысалы, «Алтын ұя» күйінің шығу тарихы: Қоғамдағы әрбір адамның жанұясы, туған елі, жерімен қатар, тарыдай болып кіріп, таудай болып шыққан алтын ұя мектебі, ат жалын тартып, азамат болып, жоғары білім алып, саналы да салауатты өмірге аттандырған алтын ордасы бары анық. Қаршыға Ахмедияров Алматы Мемлекеттік Құрманғазы атындағы консерваториясының жарты ғасырлық тойына «Алтын ұя» күйін арнап шығарды. Күй вальс ырғағында, жан-сезімін ғанибетке бөлейтін әсем әуен. Тақырып сазды, қарапайым, көңілге тез қонады. Жайма шуақ, ұлпа әуезді, секірмелі мінезі жоқ, бір қалыпты, құлаққа сіңімді, жан тербетер сазды күй. Алтын ұяға сай алтын әуез.

Халықтың шексіз ықыласына бөленген ұстазы туралы К.Сахарбаева да өз естеліктерімен бөлісті.

– Қаршыға Ахмедияров – ұстаздардың нағыз ұстазы. Ол өте қарапайым, кішіпейіл еді. Студенттердің орындауына көңілі толмай, «бұны міндетті түрде оқудан шығар» деп талап ететін. Алайда, оның кішіпейілділігі сол, келесі күні «Бұл студенттің бойында өнердің бір ұшқыны бар екен. Оқудан шығармай-ақ қой» деп мені қайта шақыртып. Міне, Қаршыға аға нағыз адамдықты бойына жиған жан еді. Ол талант көрсе, оны өзімен бірге сүйреп, қалай да өнерге аттандырып шығаратын. Өзінің кәсіби шеберлігіне байланысты талай шығармалар да туғызды. Оны қолына домбыра ұстаған жастардың бәрі Қаршыға секілді меңгермесе де, бүгінде тым жақсы насихатталуда. Бұл үрдіс алдағы уақытта да жалғаса береді, – деді ол [5].

Қаршыға Ахмедияров туралы түсірілген «Күй өнерінің алтын жұлдызы» атты бейнефильм көпшілікке жария етілді. Фильмнің толық нұсқасы республикалық және облыстық телеарналарда көрсетілді.

Талантты музыкант гастрольді сапармен дүние жүзінің көптеген елдерінде, атап айтсақ, Болгария, Венгрия, Югославия, Куба, Финляндия, Франция, Италия, Үндістан, Ангола, Жапония, АҚШ-та қазақтың қара домбырасының әсем сазын танытты. Қазақ музыка өнерін дамытудағы жоғары шығармашылық жетістіктері үшін Қ.Ахмедияровқа 1982 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы, 1992 жылы Қазақстан Республикасының халық әртісі атақтары берілді. 2000 жылы «Парасат» орденімен марапатталды.

Дәулескер күйшінің жүрегі 2010 жылы 65 жасына қараған шағында тоқтады. Қаршыға ағаның соңғы демі туған жері Атырауда шығыпты. Бойында Сейтектің сынығы, Махаббеттің өрлігі бар Қаршыға ағаны әркез халқы тамсана тыңдайтын. Өнерсүйер қауым оны «Күй қаршығасы», «Саңлық күйші», «Күй аспанының Қаршығасы», «Ғасырдың күйшісі» деп мадақтайтын. 1981 жылы АҚШ-қа барып күй тартқанда, американдықтар қазақтың Қаршығасын сахнадан жібермей тұрып алғаны да есте. Қаршыға Ахмедияровпен қоштасу Мұхтар Әуезов атындағы академиялық театрында өтті.

Атырау қаласында Қазақстан Республикасының Халық әртісі, Мемлекеттік және Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты, «Парасат» орденінің иегері, күйші-композитор Қаршыға Ахмедияров атындағы «Күй – Ұран» атты І республикалық жеке домбырашылар байқауы өтті.

Атыраудың киелі топырағында дүниеге келіп, мол мұра қалдырған күйшінің 70 жылдық мерейтойына орайластырылған шараны облыс әкімдігі ұйымдастырды. Талант иесінің құдіретті өнерін еске алуға арналған кеш Махамбет атындағы қазақ драма театрында бастау алды. Оған өңір тұрғындары, күйшінің туыстары, еліміздің әр түкпірінен келген замандастары мен шәкірттері және облыс әкімі Нұрлан Ноғаев қатысты.

Алдымен, кешке жиналған жұртшылыққа театр фойесінде «Күй аспанының Қаршығасы» атты көрме ұсынылды. Көрме сөрелерінен күй қағанының өмір-деректері, өнерінен сыр шертер суреттер, алған марапаттарымен қатар, қасиетті қара домбырасы, сахнаға киген ұлттық үлгідегі шапаны, кітаптары орын алды. Қаршыға Ахмедияров туралы зиялы қауым өкілдерінің қанатты сөздері жазылған тақталар да көрмеге ерекше маңыз беріп тұрғандай.

Шараның салтанатты ашылуында аймақ басшысы Нұрлан Ноғаев сөз алып, күй дүлдүлінің музыкалық жәдігерлерін сақтап, насихаттау әрбір азаматтың парызы екенін айтты.

– Қазақ халқын бүгінгі күнге дейін жеткізген – оның дәстүрлері. Соның ішінде Қаршекең қасиетті қара домбыраны қолына қару етіп, құдіретті өнер жолында аянбай тер төкті. Бір адам елге қызмет атқарса, осы ағамыздай атқарсын! Ол Біріккен Ұлттар Ұйымында, Нью-Йорктегі «Карнеги Холда», Вашингтондағы «Кеннеди» орталығында, одан қала берді басқа да алыс-жақын елдерде домбыраның үнін әулетті. Жыр семсері Махамбеттің ұмыт қалған оннан астам күйін қатарға қосты. Бес жүзден аса күйді күйтабаққа түсірді, 150-ден астам әні бар. Мұның бәрі – адал еңбек. 1991 жылы «Гурьев атауын өзгертеміз» дегенде Қаршекең «Атырау» деген күй шығарыпты. Ол облыстың атауын насихаттауда зор рөл атқарды. Сөйтіп, тарихта өшпес із қалдырды. Күйшінің салып кеткен сара жолын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру – бізге парыз. Биыл бұл байқауды Атырау төрінде өткізсек, келесі жолы өзінің кіндік қаны тамған жері – Махамбет ауданының Таңдай ауылында ұйымдастыруға әбден болады. Қаршекеңе қандай құрмет көрсетсек те, артық емес, – деді әкім.

Одан әрі сахна төріне өнер иесінің жұбайы Нұрбике Жұмағалиева, ағасы Алғи Ахмедияров шақырылып, құрмет көрсетілді. Облыс басшысы олардың иықтарына шапан мен камзол жауып, гүл шоқтарын ұсынды.

«Халықтың шексіз ықыласына бөленген күйшіні еске алу кешін ұйымдастырғаныңыз үшін, қазақ өнеріне көрсетіп келе жатқан қолдауыңыз үшін ризамыз» деген Нұрбике Жұмағалиқызы облыс әкімі Нұрлан Ноғаевқа Қаршыға Ахмедияровтың өмірінің соңғы кезінде жасатқан домбырасын сыйға тарту етті. Сондай-ақ, күйшінің туындылары жазылған күйтабақ пен композитордың «Күй-толғау» кітабын ұсынды.

Жиында композитордың жұбайы құрастырған кітаптың тұсаукесері болды. Оны Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының деканы Кәрима Сахарбаева көрермендерге таныстырды. Мұнда Қ.Ахмедияровтың көзі тірісінде нотаға түсіріліп, жарыққа шықпай қалған күйлері жинақталған.

Шара облыстық Н.Жантөрин атындағы филармонияда күй байқауына жалғасып, оған республиканың әр түкпірінен жиырма өнерпаз қатысты. Байқауда облыс әкімінің орынбасары Әлібек Нәутиев сөз сөйлеп, үміткерлерге сәттілік тіледі.

Қаршыға Ахмедияровтың өнер әлеміндегі өзіндік нақышын әрі қарай дамыту мақсатындағы байқау үш кезеңнен құралды. Бірінші, екінші сатыларында үміткерлер күйлерді өздерінің таңдауы және белгіленген тапсырма бойынша тартса, үшінші кезеңде оркестрдің сүйемелдеуімен орындады.

Сайысқа Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының бас дирижері Ерболат Ахмедияров, ҚР Мәдениет қайраткері Әбділхамит Райымбергенов, ҚР Еңбек сіңірген әртісі Роза Айдарбаевалар қазылық жасады.

Екі күнге созылған дүбірлі доданың қорытындысында жеңімпаздар анықталды. Марапаттау рәсімі өткен бейсенбіде Махамбет атындағы қазақ драма театрында салтанатты түрде ұйымдастырылды. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Ғұмар Дүйсембаев қатысып, жүлдегерлерді құттықтады.

Үшінші орынға Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының төртінші курс студенттері Асылхан Жоламанов, Серік Әлібеков, Бекболат Әбдіберікұлы, Қазақ ұлттық өнер университетінің бірінші курс студенті Дарын Құдайбергеновтер ие болып, 250 мың теңге ақшалай сыймен марапатталды. Жүлдесі 375 мың теңгені құраған екінші орын аталған консерваторияның төртінші курс студенті Азамат Шынарұзақ бұйырды. Бірінші орынды Дина Нұрпейісова атындағы халықтық музыка Академиясының Атырау музыка колледжінің ұстазы Айнұр Сақыпова мен Алматы облысы Қарасай аудандық мәдениет үйінің қызметкері Таңат Сәденов жеңіп алып, оларға 625 мың теңге сый ұсынылды. Ал, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының магистранты Абылай Тілепбергенов бас жүлдені жеңіп алып, бір миллион теңгені қанжығаға байлады.

Сондай-ақ, Ахмедияровтар әулеті атынан арнайы дайындалған жүз мың теңгелік сый Атырау музыка колледжінің төртінші курс студенті Жадыра Мияноваға табысталды. Бірқатар үміткерлерге диплом, облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы басшысының Алғыс хаттары тарту етілді. Байқау соңында көрермендер гала-концертті тамашалады.

Қаршыға күй өнерінде өз алдына бір мектеп қалыптастырып кетті. Сол күйді бүгін жастар жалғастырып, оның кеңінен насихатталып жатқаны бізге үлкен қуаныш. Күй мектебін сақтап отырған өнер иелеріне алғысымыз зор.

Қаршыға атамыздың күйлерін орындау – қиынның қиыны. Сондықтан, жоғары деңгейде дайындалған, өнер иесі ғана өз шеберлігімен орындай алады. Жас буынның шыңдалуына септігі мол, қазақтың қара домбырасын дәріптеп, зор мұра қалдырған атамыз Қаршыға Ахмедияров мәңгі жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аравин П.В. Жанры казахской инструментальной музыки. - Алматы, 1996ж.
2. Жұбанов Қ. Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жөнінен. - А.: 1960.
3. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. – А.: 1975.
4. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. - 1-том.
5. Б.Кожиров «Қазақ елінің атақты музыка өнерпаздары». - А., 2010ж.

СОЗДАНИЕ КАЗАХСТАНСКИХ КОМИКСОВ И АНИМЕ НА ОСНОВЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ МИФОВ И ЛЕГЕНД

Байғонысқызы Д., Ниязбек Т.

Научный руководитель: ассистент профессора Г.Ф. Галина
Карагандинский Медицинский Университет
baygonyskyzy@bk.ru, queenntbkz@gmail.com
г. Караганда

Глобализация – это процесс увеличения взаимосвязей между странами и народами привела к тесной взаимосвязи культур разных государств. Сегодня мы наблюдаем процесс, в котором культуры не просто взаимодействуют, а обмениваются идеями и ценностями, создавая многополярную картину мира. Поэтому в эпоху глобализации каждая нация стремится сохранить и популяризировать свою культуру, чтобы подчеркнуть свою идентичность и укрепить свои позиции в мире.

Для Казахстана, обладающего уникальной историей, богатым фольклором и культурным наследием, задача сохранения традиций приобретает особое значение. Особенно актуальным становится поиск современных форматов для передачи культурных ценностей, способных заинтересовать молодежь и привлечь внимание международной аудитории. В этом контексте адаптация казахских легенд, мифов и эпосов в виде аниме, комиксов и анимационных фильмов открывает новые перспективы. Такие подходы позволяют сделать традиционные сюжеты более доступными и привлекательными, используя визуальные и нарративные приемы. Яркие образы, красочные пейзажи степей и гор, а также глубокие философские темы, присущие казахскому фольклору, найдут отклик у зрителей по всему миру. Это эффективный инструмент культурной дипломатии и выгодное стратегическое решение.

В таких странах, как Япония, Южная Корея и Китай, индустрия комиксов и анимации давно стала неотъемлемой частью культуры и экономической системы, а также эффективным инструментом «мягкой силы», привлекая внимание широких кругов населения к их национальной идентичности.

Целью данной исследовательской работы является демонстрация того, как анимация и комиксы могут стать мостом между прошлым и будущим, объединяя наследие и современные технологии. Молодежь сегодня активно интересуется азиатской культурой: популярные аниме, манга, дорамы и фильмы, вдохновленные мифами и историей, формируют глобальные культурные тренды. К тому же наша страна постепенно находит отражение в азиатских анимационных сериалах. Например:

1. **Код Гиас: Восставший Лелуш.** В этом известном аниме фигурирует Казахстан как одна из стран, входящих в состав Евразийской Федерации. Это подчеркивает геополитическое значение нашей страны, пусть и в вымышленной вселенной. Важность Казахстана как связующего звена между Европой и Азией гармонично интегрирована в сюжет аниме.

2. **Юри на льду.** В спортивном аниме, посвященном фигурному катанию, упоминается казахский фигурист Отабек Алтын. Этот персонаж представляет Казахстан на мировой арене, демонстрируя достоинство и упорство, которые ассоциируются с нашей нацией. Его образ вызывает гордость и служит отличным примером популяризации Казахстана через искусство.

Мировая анимационная и комикс-индустрия активно развивается, принося странам-участникам значительные доходы. Например, в 2023 году:

- Япония заработала около 14,11 миллиардов долларов на анимационной индустрии. Основой для многих аниме и манги стали японские мифы, легенды и исторические события.
- Южная Корея получила 5,5 миллиардов долларов, благодаря созданию манхв, анимаций и дорам, многие из которых базируются на корейских мифах.